

Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 4 наурыздағы шешіміне (№10/19 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2019-2021 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2019-2021 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2019 жылғы 19 сәуірдегі №237-27 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы, Шартқа қосымша келісімдерді ескере отырып, ҚҚС-ты есепке алғанда 1 414 288 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2019 жыл – 407 346 мың теңге;
- 2020 жыл – 507 700 мың теңге;
- 2021 жыл – 499 242 мың теңге.

2021 жылы Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		2021 жыл	2020 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	1 877 602	1 742 563
2	Аудиторлық емес қызметтер		
2.1	Корпоративтік басқаруды жақсартуға байланысты консультациялық қызметтер	44 523	-
2.2	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	18 955	-
2.3	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру, трансферттік баға белгілеу бойынша құжаттарды дайындау, салық шығындарын бағалау	18 070	11 440
2.4	4400 «Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша тапсырмалар» Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес көрсетілген ілеспе қызметтер	10 216	7 819
2.5	Басқарушылық есептілігінің аудиті	426	-
2.6	Еурооблигацияларды шығаруға байланысты консультациялық қызметтер	-	140 576
	ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	92 190	159 835
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	4,9%	9,2%